



алмайтын болған соң, олардан да жақсы монтерлер шыға қоймайды. Қазір дрезиалар жетілдірілген, оның локтері мен бұрылмалы мұнаралары бар. Ал мен бастаған шакта онда тек саты мен лейтер ғана болатын. Және өте биікте жұмыс істейтінбіз. Жұмысым өзіме қызықты, еңбегінің жемісі бірден көрінеді. Бір аптада

-Бұрын шығатын жалғыз траншеясы болатын. Қазір ол жүз метрден аса тереңдікке барады. Түрлі тау-кен жұмыстары жүргізіледі, қаншама станса салынды, көмір өндіру де ұлғайды. Ол кезде кенішке кірсең, одан тек жаяу ғана шыға алатынсың. Электр машиналары іске қосылғанша,

-көп жыл бойы достығы жарасқан жан-дар. Мен үш жыл Мәскеудің мемлекеттік тау-кен университетінде оқып, кейіннен ПаУ-ға ауыстым. Тау-кен инженері деген мамандық алып шықтым, бірақ мамандығым бойынша жұмыс істегім келмеді, әке жолын қууды жөн санадым. 2000 жылы мен БЖКБ-ның №1 электр-

Александр Иванович Орлик,- Биіктікте жұмыс істеген абыройлы да, төменде болсаң, өзіннен жоғарыдағының бұйрығын ғана орындайтын боласың.

-Тәлімгерім мені көп нәрсеге үйретті, мен әлі де оның кеңестеріне арқа сүйеймін. Бірде, оқып жүрген кезімізде, бізді осында экскурсияға әкелді. Одан алған әсерімізді әлі күнге дейін ұмытқан жоқпын. Өйткені біздің көпшілігіміз өзіміздің қандай мамандықты қалап алғанымызды да сол уақытта білмеген екенбіз. Ұжыммыз өте жақсы, Біздің жұмыс ұжымдық қой. Ал жұмыстың сапалығы мен жылдамдығы әрқайсымыздың еңбегімізге байланысты. Қазір біз біртіндеп байланыс желілерін қайта жарақтап жатырмыз.

-Біз үнемі жұмыс үстіндеміз,- деп жалғастырды Александр Иванович,- салынбақ құрылыс та көп, қайта жабдықтау – бәрін өз күшімізбен атқарамыз. 2000 жылдан 2003 жылға дейін «Бағыр» кешенін электрлік сүйрегішке өз қолымызбен қостық.

-2003 жылдан бастап түгелдей электр-сүйрегішке көштік. Қазір де біршама жөндеу жұмыстары бар, кейбір стансаларда темір жолдар қысқарды, кейбірінде ұзартылып жатыр.

Жастарды тәжірибеден өткізу мәселесіне келсек, жұмысқа қабылдау комиссиясының мүшесі Александр Ивано-

Мамандықты таңдаған мен емес, ол мені таңдады

Біздің редакциямызға Александр Иванович Орлик жалғыз келген жоқ, өзімен бірге шәкірттері Иван Иванович Карпов пен Алексей Голденконы ерте келіпті. Карпов бүгінде байланыс желісінің аға электрмеханигі қызметін атқарады екен. А.Голденко – кәсіпорынға жұмысқа тұрғанына бір жылда толмаған жас маман. Ал Александр Ивановичтің өзі «Богағырь» жүк тиеу көлігі басқармасында электрлендіру қызметінің бастығы, өз ісіне шынайы берілген білікті маман.

Александр Ивановичпен әңгімелесер алдында олардың мамандықтары жай-

біздің ландшафттарымыз да өзгеріп отырады: мысалға, байланыс желісі бір қалыпта болса, оны жол жөндеушілер өздеріне ыңғайлы қалыпқа келтіреді, ал байланысшылар өз ыңғайлары бойынша өзгертеді.

Александр Иванович Екібастұзға 1959 жылы келді. 1964 жылы темір жол – көлігі кеніштерін электрлендіру жұмыстары басталды. Александр Иванович алғашқылардың бірі болып сол кездегі тұңғыш станса саналатын «Углесборочная-2» стансасында бірінші электровозды іске қосты.

-Біз осы жерде тұңғыш рет төрт жақтауды қабылдауыштары бар электровозды көр-



лы тек үстірт қана олетінмін, әңгіме үстінде мен аталмыш мамандықтың көптеген сырына қанықтым.

-Біздің жұмыс өте қауіпті: біріншіден, бұл - биікте орындалатын жұмыс, екіншіден, аса күшті электр қуатымен жұмыс істейміз, оның үстіне айналымсыз қозғалыста болады. Қозғалыста дегенім, биікте тұрып төменге қарасаң, пойыздар өтіп жағады, көмір тиеліп жағады, ал олардан 5-6 метрдей жерде байланыс желісін монтаждау жұмыстары жүргізіледі.

Александр Ивановичке осындай қиын мамандықты таңдауына не себеп болды деген сұрақ қойдым.

-Бұл мамандықты мен таңдаған жоқпын, ол мені таңдап алды,-деп Александр Иванович әңгімесін жалғайды.-Әскерден келіп, жаңа жұмысқа алынған кезім. Монтаждау пойызына жағар қажет болды. Мен еш ойланбастан соған бардым, бірден ұнаттым. Тым жас мамандарды монтаждау ісіне қабылдамайды, ал қырық жастан асқандар да жаңа техниканы бірден меңгеріп кете

дік. Оның жақтаулы екендігін көріп таң қалған біздер бірден оның қалай жұмыс істейтінін білмедік. Біз бұған дейін байланыс желісін тек орталықтан ғана қосатынбыз, ал бұл бір жақтаудан қосылатын желі екен.

Солтүстік жүк тиеу көлігі басқармасында ол 1970 жылға дейін учаске бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. Кейіннен «Богатырь» кенішіне ауысты. Онда да ол өз жұмысының жаңа әдістерімен танысты.

Александр Иванович үнемі беріліп тұратын токқа жұмыс істеді, ауыспалы токтың өзі 10 киловольт болатын. Алғашында үлкендер жағы берілген тапсырманы орындай алар ма екен деген күдікпен қарайтын. Дегенмен байланыс желісін толық жасап үлгерді, реттеп, жүргізіп те көрді. Электровозды іске қосып, оны «Степная» стансасында сынақтан өткізген соң, электровоз экскаваторға жүк тиіп алуға кетті. «Батыр» кенішінде электросүйрегіш 1970 жылы іске қосылды. Содан бері онда Александр Иванович жұмыс істейді. Ол «Батыр» кенішінің кешегісі мен бүгінгі болып саналады.

-Кеніштің кешегісі мен бүгінін салыстырыңызшы.

вертушка өңделіп, дайын болса да, локомотив әзір бола қоймайтын. Ал дизельдерден кеткеннен бері локомотив вертушкадан бұрын дайындалатын болды. Электр машиналары ішкі жану қозғағыштармен теңдесе алмайды, соңғылары сапалы да таза жұмыс істейді.

-Басында бәрі эксперимент ретінде басталды, -деп әңгімеге араласты Иван Иванович- экономикалық тиімділігін байқап көрейік дедік. Мұндай нәтижені ешкім күтпеген де еді, электрлендіру жақсы нәтижелер бере бастады. Оған экологиялық жағдайдың жақсаруы да қосылды. Дизельдік отын түгелдей жанып, от шығатын болды, май дақтары ғана қалағын. Бұл жерде ауаға шығатын газдар туралы сөз де болмайтын болды.

Иван Иванович Карпов бұл салада өзін кездейсоқ адам деп санамайды.

-Бізді кәсіби әулет десе де болады. Менің әкем Александр Ивановичпен 1966 жылдан бері жұмыс істеді. Олар

лендіру учаскесіне жұмысқа тұрдым. Алғашында байланыс желілерінің монтері, кейін электрмеханик, соңғы жылдары аға электрмеханик қызметін аткарып келемін. Жұмысымыз өте қызық, өзінді магнит сияқты тартады да тұрады.

Бір кездері жас маман болып келген Иван Иванович бүгінде өзі студенттерге тәлімгерлік көрсетіп жүр. Ол: «Ең бастысы – қауіпсіздікке үйрету қажет» дейді. Өйткені жап-жас бозбалалардың өмірі үшін тәлімгер жауап береді. Абайсызда жіберілген қате орны толмас өкініштерге әкелуі мүмкін. Негізінен №18 КМ студенттерімен жұмыс істейді. Алексей Голденков та БЖКБ-да тәжірибеден өтіп, бұл істі ұнатқан еді. Жұмыс орындары жәрмеңкесінде аталмыш кәсіпорынға жұмысқа орналасу сәті түскенде, бар өнерін салып, өзінің қабілетті жас екенін көрсетті. Бір аптадан соң ол тұрақты жұмысқа қабылданды.

-Таңдаған мамандығым өзіме ұнайды...

-Ең бастысы саған өзің жұмыс істейтін биіктік ұнауы тиіс,-деп сөзге араласты

вич тек ең таңдаулы түлектерді таңдайды. Иван Ивановичтің айтуынша, олардың ұжымында жаңа ғана жұмысқа қабылданған жас маманнан бастап, елулі еңсеріп қалған монтерлер де бар. Сондықтан ұжымға жаңа толқынның қосылуы бір ағзаның дұрыс қан алмасуы процесіндей қабылданады екен. Бұл мақсатта біздің қаламызда ұйымдастырылған жұмыс орындары жәрмеңкесі – жақсы бастама. Тәжірибеден өтуге келген әр жас маман осы уақыт ішінде өзінің аталмыш мамандық иесі болу болмауын нақтылап алады. Ал кәсіпорын басшылары жас маманның біліктілігін сыннан өткізеді.

Александр Иванович Орликтен әңгімелескеннен кейін осы бір абзал жанның талапкерлігі бүгінде жас мамандарға жетіспейді-ау деп түйдім. Егер де біздің оқу орындарының түлектері өздері таңдаған мамандық жайлы сөз болғанда жанарлары жанып, ерекше күш-қуат алатын болса, құба-құп болар еді.